



ҚАЗЫНАЛЫ МЕКЕННІҢ МЕРЕЙІ – ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН 65 ЖЫЛ



Маңғыстау мұнайының 65 жылдығы мен Қазақстан Республикасының Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні – мұнайлы өлкенің өткені мен бүгіні тоғысқан, ел тарихындағы айрықша белеске айналған мерейлі мереке болды.

Осыдан 65 жыл бұрын Маңғыстау даласынан атқылаған алғашқы мұнай бұрқағы жаңа дәуірдің басталғанын әйгілеп, тұтас өңірдің өндірістік шежіресіне жол ашты. Сол кезден бері мұнайлы өлкенің тарихы талай буынның тағдырымен, тынымсыз еңбегімен, маңдай терімен сабақтасып келеді.

Бүгінде сол алғашқы бұрғылау нүктелерінен басталған үлкен өндіріс дәстүрі жалғасып, Маңғыстау мұнайы еліміздің экономикалық дамуына айрықша үлес қосып келеді. Ал осы тарихтың төрінде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының да өзіндік орны бар.

Мерейтойлық шаралардың негізгі бөлігі мұнай өндірісінің қара шаңырағы саналатын Жетібай кен орнында бастау алды. Мұнда мұнай-газ саласының ардагерлері мен бүгінгі өндіріс еңбеккерлері бас қосып, өткенге тағзым жасап, ел игілігі жолындағы еңбектің сабақтастығын айшықтады.

Салтанатты жиында өндірісте үздік нәтижеге қол жеткізген еңбек озаттары мен еңбегі сіңген мамандарға құрмет көрсетіліп, лайықты марапаттар табысталды. Мұнайшылардың күнделікті еңбегін жеңілдетіп, өндірістің тынысын кеңейтуге бағытталған арнайы техникалардың табысталуы да мерекенің мәнін арттыра түсті.

Жетібайдағы мереке спорттық сайыстармен, әлеуметтік қолдау шараларымен және өнерпаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасты. Өндіріс адамдары үшін бұл күн тек мереке ғана емес, өзара ынтымақты бекемдеп, әріптестік рухты нығайтқан ерекше басқосу болды.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЕҢБЕККЕ ТАҒЗЫМ, ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ



Мерекелік шеру Қаламқас кен орнында да жалғасты. Мұнайшылар қалашығында өткен шарада сала басшылары мен еңбек ұжымдарының өкілдері бас қосып, күн сайын өндіріс нысандарында ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген азаматтарға құрмет көрсетті.

Кәсіби міндетін абыроймен атқарып, өндірісте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген қызметкерлер арнайы марапаттарға ие болды. Спорттық сайыстар, концерттік бағдарлама мен ұтыс ойындары мерекелік көңіл күйді одан әрі көтеріп, қалашықтағы айтулы күнді мазмұнды мерекеге ұластырды.

Ал мерейтойлық шаралардың қорытындысы Ақтау қаласында кең көлемде аталып өтті.

Мерекелік күн компанияның бас кеңсесі алдындағы алаңда ұйымдастырылған спорттық сайыстардан басталды. Орталық аппарат қызметкерлері садақ ату, асық ату және қол күресінен бақ сынасып, ұлттық спорттың ерекшелігін дәріптеп қана қоймай, өзара ұйымшылдық пен серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетті. Ақ дастарқан басындағы еркін әңгіме мен көтеріңкі көңіл күй ұжым мүшелерін бір арнаға тоғыстырды.

Мерекенің ең тағылымды сәттерінің бірі – сала ардагерлері, Жетібай мен Қаламқас кен орындарының мұнайшылары және компания басшылығының бір дастарқан басында бас қосуы болды.

Бұл жүздесу – Маңғыстау мұнай өнеркәсібінің негізін қалаған аға буынға деген құрметтің айқын көрінісі. Кезінде осы даланың алғашқы мұнайын игеріп, өндірістің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан ардагерлердің өнегесі бүгінгі мұнайшылар үшін қашанда қымбат.

Аға буынның ақ батасы мен кейінгі ұрпақтың ізбасарлығы тоғысқан осынау жүздесу 65 жылдық тарихтың ең басты құндылығы – адам еңбегі екенін тағы бір мәрте аңғартты.



МЕРЕЙТОЙ МЕРЕЙІН АСЫРҒАН МЕРЕКЕЛІ КЕШ



Кешкі мерекелік шара Есенов университетінің стадионында жалғасын тапты. Мыңдаған мұнайшы мен қала тұрғындары жиналған стадионда мерейтойдың айрықша рухы сезілді.

Компания басшылығы барша ұжымды кәсіби мерекемен құттықтап, Маңғыстау мұнайының 65 жылдық мерейтойының тарихи маңызын атап өтті. Ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген үздік қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, марапаттар табысталды.

Мерекелік кештің шырайын келтірген сәттердің бірі – кәсіподақ комитеті ұйымдастырған ұтыс ойыны болды. Күтпеген сыйлықтар мен қуанышты сәттер көрермендердің көңілін көтеріп, мерекенің әсерін еселей түсті.

Ал кештің шарықтау шегі танымал «MuzART» тобы мен Маңғыстау және қазақ эстрадасының жұлдыздары қатысқан концерттік бағдарлама болды. Сахна төрінен төгілген әсем әуен, сүйікті әндер мен әсерлі өнер мыңдаған көрерменге ерекше көңіл күй сыйлады.

Осылайша Маңғыстау мұнайының 65 жылдығына арналған мерекелік шаралар ел тарихындағы айтулы белесті кеңінен атап өтіп қана қоймай, өткенге тағзым, бүгінге құрмет, болашаққа аманат идеясын бір арнаға тоғыстырды.

Алпыс бес жыл – бұл жай ғана мерейтойлық межелі сан емес. Бұл – маңғыстаулық мұнайшылардың талай буынының маңдай терімен жазылған тарих. Бұл – алғашқы бұрғыдан бүгінгі заманауи өндіріске дейінгі ұзақ жол. Бұл – қиындыққа мойымай, туған өлкенің табиғи байлығын ел игілігіне жаратып келе жатқан еңбек адамдарының шежіресі.

Жетібай мен Қаламқастың әрбір ұңғымасында, өндірістік нысанында, әрбір тамшы мұнайында маңғыстаулық мұнайшының еңбегі бар.

Сондықтан бұл мерейтой – ең алдымен, мұнайлы өлкенің абыройын асқақтатқан барша еңбек адамдарына көрсетілген құрмет.

65 жылдық тарих алда тұрған жаңа белестерге жол ашсын!

Маңғыстау мұнайының мерейі арта берсін!

Мұнайшы еңбегі абыройлы, ел ырысы баянды болсын!

Аға буынның өнегесі кейінгі ұрпаққа жалғасып, мұнайлы өлкенің даңқты шежіресі жаңа жетістіктермен толыға бергей!



YESSENOV STADIUM





65 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙ – ЖАРҚЫН СӘТТЕР ШЕЖІРЕСІ



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

КЕШЕГІ КҮН – БҮГІНГІ ТАРИХ

Биыл – Маңғыстау мұнайының мерейі үстем, тарихы таразыланатын тағылымды жыл. Қазақ елінің мұнайлы шежіресіне алтын әріппен жазылған Маңғыстау мұнайының 65 жылдығы мен «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының 60 жылдығы – уақыт белесі ғана емес, еңбек пен елдікке қойылған ескерткіш.

Қаратаудың қатпарынан Каспийдің жағасына дейін созылған сайын даланы өндірістің думанына бөлеген осы тарихтың әр бетінде маңдай тер, табанды еңбек, өлкенің ертеңіне деген сенім жатыр. Кешегі боз далада бой көтерген кен орындары мен өндіріс ошақтары бүгінде тәуелсіз Қазақстанның экономикалық қуатын айқындайтын іргелі тірекке айналды.

Бұл – жер қойнауының байлығын ғана емес, адам еңбегінің қадірін де әлемге танытқан буындардың тарихы. Талай қиындықты еңсеріп, өндірістің көшін түзеген ардагер мұнайшылардың адал еңбегі мен өмір жолы – бүгінгі ұрпақ үшін сарқылмас өнеге, ертеңге аманат.

Осы мерейтойларға орай «Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы архив қорында сақталған тарихи құжаттарды, сирек фотосуреттерді және өндіріс шежіресіне қатысты құнды деректерді жариялауды қолға алды. Өткенді ұлықтау – тарихқа тағзым ғана емес, ерлікке толы еңбек жолын кейінгі буынның санасына сіңіріп, ұрпақтар сабақтасығын жалғайтын игі іс.



Начальник второго промысла Женис Жалғасов, мастер нефтесборки Боран Алимханбетов и инженер-электрик Алтынбек Аймуханов. /1980 г./



Алтын Нұрбаева окончившая химико-технологический техникум в Красноводске хорошо справляется с обязанностями оператора по добыче нефти. Товарищи по работе уважают ее за общительный характер и старательность в труде.



Мастер второй бригады Қуанбай Жарылғасов и старший оператор Светлана Фегер. /1980 г./



Группа нефтяников из бригады мастера Тулебоя Абугалиева работающей на месторождении Асар: Маншук Далмаганбетова, Ақсауле Алагузова, Қонақбай Тулегенов, Атабай Түрмұратов и Кали Ксатаев.



В связи с подготовкой к переходу на полный хозрасчет и самофинансирование большая работа легла на плечи сотрудников планово-экономического отдела НГДУ. От их компетентности и деловитости в значительной степени зависит успешное освоение новых методов хозяйствования.

На снимке: начальник отдела Багилаш Кусаинова /в центре/, экономист Кулжан Темешева, ст. инженер Карина Петросова и экономист Дамеш Суюнова.



МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫ – МАҢДАЙ ТЕРМЕН КЕЛГЕН МЕРЕЙ

Маңғыстау мұнайының тарихы – бұл ең алдымен маңдай терін төккен, ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен мұнайшылардың тарихы. Биыл қасиетті Маңғыстау жерінде мұнай өндірісінің басталғанына 65 жыл толып отыр. Бұл – сан ұрпақтың еңбегін саралайтын, өткен жолға көз жүгіртіп, бүгінгі жетістіктерге шүкіршілік ететін айтулы белес.



Менің де бүкіл еңбек жолым Маңғыстау мұнайымен тығыз байланысты. 1982 жылы «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік бірлестігінің пайдаланудағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехына электргазбен дәнекерлеуші болып жұмысқа орналастым. Сол кезден бастап тағдырымды мұнай өндірісімен байланыстырдым.

Ол кездегі еңбек жағдайын бүгінгі күнмен салыстыруға келмейді. Қазір өндірісте заманауи техника мен технология, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құралдар, жұмысшыларға арналған қолайлы тұрмыстық жағдайлар бар. Ал біздің кезімізде мұның бәрі енді қалыптасып келе жатқан еді.

Маңғыстаудың табиғаты да мұнайшыға оңайлықпен келген жоқ. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған суығына, бет қаратпайтын желге қарамастан жұмыс тоқтаған емес. Ашық далада, өндірістік нысандарда еңбек еткен жұмысшыға төзімділік, шыдамдылық және ең бастысы – өз ісіне деген адалдық қажет болды.

Бірақ сол кездегі мұнайшылардың бойында еңбекке деген ерекше құштарлық бар еді. Жұмыстың қиындығына қарамастан, ешкім өз міндетінен қашқан жоқ. Өйткені біз мұнай өндірісін жай ғана кәсіп емес, елге қызмет ету деп қабылдадық.

1984 жыл менің еңбек жолымда ерекше есте қалған жылдардың бірі болды. Сол жылы «Жетібаймұнайгаз» бригадалық мердігерлік әдіс – бригадалық подряд енгізіле бастады. Осыған байланысты мен бірінші кәсіпшіліктен екінші кәсіпшілікке, №6 бригадаға ауыстырылдым.

Ол кезде әр бригадаға белгілі бір топтық қондырғылар бекітілетін. №6 бригаданың шебері Виктор Гавриленко деген азамат еді. Өте білімді, білікті маман болатын. Ал цех бастығы Нұрман Асқарбек деген азамат болды. Өндірісті жақсы білетін, жұмысты ұйымдастыра алатын басшылардың еңбегі біз үшін үлкен мектеп болды.

Ол кезеңде Асар – Шығыс Жетібай кен орындары №2 кәсіпшілікке қарайтын. Жұмысшылар бес күндік жұмыс тәртібімен еңбек етті, тек жөндеу қызметіндегі жұмысшылар төрт күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайтын.

Кейін өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты Асар – Шығыс Жетібай кен орындарын №2 кәсіпшіліктен бөліп, жеке №3 учаске құрылды. Жұмыс тәртібі жеті күндік вахталық ауысымға көшірілді. Жаңа учаскенің бастығы болып Виктор Гавриленко, технологы болып Махат Атшыбаев тағайындалды. Мені де осы №3 учаскеге жұмысқа ауыстырды.

Қазір ойлап қарасақ, ол кездегі жағдай өте қарапайым болған екен. Бүгінгідей өндірістік база, кеңсе, демалыс орындары, асхана және басқа да тұрмыстық жағдайлар жоқ. Учаскеге бар болғаны төрт-бес вагончик қойылды. Солардың ішінде жұмысымызды ұйымдастырып, өндірістік мәселелерді шешетінбіз.

Тамақтану мәселесі де оңай болған жоқ. Арнайы асхана мен тамақ дайындайтын қызметкерлер негізінен ұңғыларды жерасты жөндеу бригадаларында ғана болды. Ал біз өзімізге тиесілі жұмысты атқарып, қарапайым жағдайға бейімделіп еңбек еттік.

№3 учаскеде бар болғаны он шақты адам ғана жұмыс істейтінбіз. Бірақ жауапкершілігіміздегі аумақ аз емес еді. Шығыс Жетібай, Асар-1, Асар-2, Бұрмаша сияқты кен орындарын игеруге атсалыстық.

Адам аз болғанымен, ұжымымыз өте ұйымшыл болды. Бір-бірімізге сүйеніп, өзара көмектесіп жұмыс істедік. «Бұл – сенің жұмысың, бұл – менің жұмысым» деген түсінік болған жоқ. Қандай жұмыс болса да, ортақ міндет деп қабылдайтынбыз. Біреуіміздің қолымыз тимей жатса, екіншіміз көмекке келетін.

Меніңше, сол кездегі мұнайшылардың басты ерекшелігі де осында еді. Қарапайым еңбек жағдайына қарамастан, ауызбіршілігіміз мықты болды. Бір мақсатқа жұмылып, бір-бірімізді сыйлап еңбек еттік.

Мұнай өндірісінде еңбек ете жүріп, білім алуға да ұмтылдым. Жаңаөзен мұнай-газ техникумын сырттай оқып бітірдім. Кейін Маңғыстау гуманитарлық-техникалық университетінде білім алып, жоғары мұнайшы мамандығын иелендім.

Өндірістегі тәжірибе мен білімді ұштастыру арқылы кәсіби тұрғыда өсуге мүмкіндік алдым. Қарапайым электр-газбен дәнекерлеушіден бастап, біртіндеп тәжірибе жинақтап, жауапты қызметтер атқарып, учаске бастығы лауазымына дейін көтерілдім.

Бұл – тек менің жеке еңбегімнің нәтижесі емес. Еңбек жолымда маған бағыт-бағдар берген, білгенін үйреткен аға буын өкілдері көп болды. Солардың әрқайсысына алғысым шексіз.



Сол жылдары өндірісте білікті, өз ісін жетік білетін басшылар еңбек етті. Олар қарапайым жұмысшының жағдайын жақсы түсінді. Жұмысты талап етіп қана қоймай, оның мәнісін түсіндіріп, қиындықты бірге еңсереді. Басшының білгірлігі мен жұмысшының еңбекқорлығы ұштасқанда ғана өндірісте береке болатынын сол кездің өзінде көрдік.

Бүгінгі Маңғыстау мұнайының жетістіктері – осындай сабақтастықтың нәтижесі. Бір ұрпақ бастаған істі келесі ұрпақ жалғастырып келеді. Технология өзгерді, өндірістік мүмкіндіктер артты, еңбек жағдайы жақсарды. Бірақ мұнайшының бойындағы ең басты қасиеттер – кәсібилік, жауапкершілік, еңбекқорлық және елге деген адалдық өзгермеуге тиіс.

Бүгінде зейнеткерлік демалыста болсам да, өзімнің саналы ғұмырымды арнаған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының тыныс-тіршілігінен қол үзген жоқпын. Қазір компанияның Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде қоғамдық жұмыстарға араласып, аға буын мен кейінгі ұрпақ арасындағы байланысты нығайтуға өз үлесімді қосып келемін.

Ардагер үшін ең үлкен қуаныш – өзі еңбек еткен өндірістің өсіп-өркендеп, кейінгі буынның сол дәстүрді абыроймен жалғастырып келе жатқанын көру.

Кейде өткен жылдарды еске аламын. Қарапайым вагончиктер, аптап ыстық пен қақаған суықта еңбек еткен мұнайшылар, бір-біріне қолдау көрсеткен шағын ұжым, білікті басшылар... Осылардың бәрі Маңғыстау мұнайының үлкен тарихының бір бөлшегі.

Бүгін біз сол жылдарға алыстан көз жүгіртіп, қандай қиындықтарды бастан өткергенімізді ойлаймыз. Бірақ ешкімнің еңбегіне өкініш жоқ. Керісінше, сол маңдай термен атқарылған жұмысқа мақтанамыз. Себебі біздің еңбегіміз Маңғыстаудың өсіп-өркендеуіне, ел экономикасының дамуына өз үлесін қосты.

Маңғыстау мұнайының 65 жылдығы – осы өңірдің мұнай-газ саласының қалыптасуына үлес қосқан барша ардагерлердің, бүгінгі мұнайшылардың ортақ мерекесі. Бұл – талай адамның тағдыры мен еңбек жолы тоғысқан, сан ұрпақтың маңдай терімен жазылған тарихтың мерейлі белесі.

Осы айтулы мерейтойда барша әріптестерімді, мұнай өндірісінің ардагерлерін, бүгінгі жас мұнайшыларды және олардың отбасыларын Маңғыстау мұнайының 65 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге береке тілеймін. Өндірісте қауіпсіздік пен тұрақтылық салтанат құрып, әрбір мұнайшының еңбегі лайықты бағалана берсін!

Маңғыстау мұнайының даңқты дәстүрі жалғасып, қара алтын өндірісінің жаңа белестері бағындырыла берсін!

Маңғыстау мұнайының 65 жылдық мерейтойы құтты болсын! Мұнайшы еңбегі – ел еңбегі!

**Тұрарбек Ахметов
«Маңғыстаумұнайгаз»
акционерлік қоғамы Ардагерлер
кеңесінің төрағасы**

ЦИФРЛЫҚ СЕРПІЛІС: «МҰНАЙТЕЛЕКОМ» МАМАНДАРЫ OILEADERS ФОРУМЫНДА

Астанада «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы ұйымдастырған OiLeaders жастар форумы өтіп, мұнай-газ саласының болашақ көшбасшыларын біріктірді. «Мұнайтелеком» ЖШС командасы цифрлық құзыреттерін жетілдіріп, жаңа идеялармен алмасты.

Ауқымды форумға ҚМГ компаниялар тобының түкпір-түкпірінен жиналған жас мамандар қатысты. Бағдарлама Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылында жаңа технологияларды меңгеруге, кәсіби әлеуетті арттыруға және көшбасшылық қасиеттерді дамытуға бағытталды.

OiLeaders бағдарламасына қатысуға 435 өтінім түсіп, қатаң іріктеуден кейін 200 жас маман форумға жолдама алды. Бүгінде ҚМГ компаниялар тобында 15 мыңнан астам жас кадр еңбек етеді. Бұл көрсеткіш жастардың мұнай-газ саласының дамуына қосып отырған үлесінің ауқымын аңғартады.

Форумның ашылуында «Қаз-МұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы

Асхат Хасенов жас буынның саланы дамытудағы рөліне тоқталды.

- Жақында іске қосылған OiLeaders бағдарламасы жаңа идеялар ұсынуға және өз еңбегімен саланың дамуына үлес қосуға қабілетті мұнай-газ секторындағы көшбасшылардың жаңа буынын даярлауға бағытталған. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылында жаңа технологиялар ерекше маңызға ие. Сіздер осы күндері жасанды интеллект, коммуникация, көшбасшылық және зияткерлік әлеуетті дамыту бойынша тренингтерден өтетін боласыздар, — деді Асхат Хасенов.

Форум аясындағы кездесулер мен оқу сессиялары жас мамандарға заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін зерделеп қана қоймай, оларды өндірістік және басқару үдерістеріне енгізу жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді.

«Мұнайтелеком» ЖШС делегациясы екі күнге созылған бағдарлама барысында білім беру модульдері мен



практикалық тренингтерге белсенді қатысты.

Цифрлық жаңғыру. Қатысушылар жасанды интеллект мүмкіндіктерін тереңірек зерттеп, Vibe Coding, яғни жасанды интеллект агенттерін әзірлеу тәжірибесімен танысты. Жаңа құралдарды күнделікті жұмыс үдерістеріне енгізу бағыттары талқыланды.

Жобалық тәжірибе. Практикалық сабақтар барысында жас мамандар жаңа идеялар ұсынып, бизнес-процестерді оңтайландыруға бағытталған цифрлық шешімдерді әзірлеуге атсалысты.

Мықты нетворкинг. ҚМГ компаниялар тобының еншілес ұйымдарындағы әріптестермен тәжірибе алмасып, кәсіби байланыстар орнатылды. Әртүрлі бөлімшелердің тәжірибесін ұштастыру жаңа инновациялық жобаларға жол ашатыны атап өтілді.

Көшбасшылыққа ұмтылыс. Форум қатысушылары өз білімін, бастама-

шылдығын және командалық жұмыс дағдыларын көрсетті. Белсенділік танытқан жастардың арасынан ҚазМұнайГаздың үздік 100 жас көшбасшысын анықтау көзделді.

OiLeaders форумы «Мұнайтелеком» мамандары үшін кәсіби білімді толықтырып, жаңа технологияларды меңгеруге және әріптестік байланыстарды нығайтуға мүмкіндік берген маңызды алаң болды. Форумда алынған тәжірибе компанияның цифрлық дамуына, жұмыс үдерістерін жетілдіруге және жаңа бастамаларды жүзеге асыруға серпін береді.

Жас мамандардың осындай бағдарламаларға қатысуы — саланың технологиялық жаңғыруына үлес қосатын білікті кадрлар даярлаудың маңызды бағыты. Ал «Мұнайтелеком» ЖШС командасының белсенділігі компанияның цифрлық көшбасшылыққа ұмтылысын айқын көрсетті.

«Мұнайтелеком» ЖШС

«МАҢҒЫСТАУЭНЕРГОМҰНАЙ» ЖШС АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ – ҰЖЫМНЫҢ АЛДАҒЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ НЕГІЗІ


Қаламқас кенорнында «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бірінші басшысының еңбек ұжымдары алдындағы 2026 жылдың бірінші жарты жылдығында атқарған қызметтер бойынша қорытынды Есебі өтті.

Еңбек адамдарымен болған бұл жиынның негізгі мақсаты – ағымдағы жылдың алты айында атқарылған өндірістік жұмыстарды саралап, жұмысшылардың қол жеткізілген нәтижелеріне баға беру және жылдың аяғына дейін жасалатын қызметтердің міндеттерін анықтау.

Кездесу барысында компанияның Бас директоры Қуанбек Шәкірұлы Бигалиев Қаламқас кенорнындағы қызметкерлердің өндірістік проблемаларын шешу жолындағы қызметтердің орындалысына жете мән бере отырып, жұмысшылардың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайларын басты назарға ұстады.

Жарты жылдықта атқарылған жұмыстар аясында өндірістің тұрақтылығы, электр энергиясымен сенімді қамтамасыз ету, жабдықтардың үздіксіз жұмысын жасауын тұрақтандыру, еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік тәртіпті күшейту бағыттарына назар аударылды.

Компанияның Бас директоры өз сөзінде компанияның тұрақты жұмыс жасауында өндірістік




ұжымның ынтымағы мен адал еңбектің ерекше орын алатынын атап өтті және әр қызметкердің жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігі ортақ нәтижеге тікелей әсер ететінін жеткізді.

Кездесу барысында қызметкерлер өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, жақсарту жолында ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Ашық форматтағы әңгіме өндірістегі нақты мәселелерді талқылап, алдағы кезеңдегі жұмыс бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.



Алты айдың қорытындысы – өткендерге есеп, бүгінгі атқарылар істерге баға, болашаққа бағыт. Сондықтан ұжым қызметкерлерінің алдағы жартыжылдықтағы да басты назары – өндірістің сенімділігі мен қауіпсіздігін кшейту, еңбек сапасына және компанияның тұрақты дамуына бағытталу болмақ.

Смадиярова У.Д.
«МЭМ» ЖШС мамандар жөніндегі
I санатты маман



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьюте-
рінде теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500